



БҰЙРЫҚ

2024. 08. 01

Сәтбаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 2

город Сатпаев

Сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу жөніндегі шараларға жауаптылық туралы

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мен білім беру ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сәтбаев қаласының мектепке дейінгі тәрбие және жалпы білім беру және қосымша білім беру мекемелері директорларына:

1) жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал - жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестация, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді - кесілді тиым салынсын.

2) кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;

- концерттік бағдарамаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуіне ақша жинауға;

- мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата - аналар мен оқушылардан ақша жинауға;

- мерекелік күндері білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;

- тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;

- жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;

- білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата - аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын.

3) тәрбиелеу жұмысын орындау аясында білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени - көпшілік шараларға қатысу үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуынсыз өткізілсін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу).

4) оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата -аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

5) ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдер, тәрбиешілер мен директорларға тиісті шаралар қабылдансын.

6) білім беру ұйымдарында қаражатты заңсыз жинауға жол бермеу туралы бұйрық шығарылсын.

2. Осы бұйрықты тиісінше жүзеге асырмаған білім беру ұйымдарының басшыларына тәртіптік жазадан лауазымынан босатуға дейінгі шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықпен білім беру мекемелерінің басшыларын таныстыру білім бөлімінің бас маманы Г. Хасеноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қосымша 2 бет (мектепке дейінгі тәрбие және білім беру, жалпы білім беру және қосымша білім беру мекемелері директорларының тізімі).

Басшы



Б.Акишбеков